

## Қазақстан Республикасының орнықты даму жөніндегі кеңесі туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 19 наурыздағы N 345 қаулысы.  
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 4 қыркүйектегі  
№ 970 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2014 № 970 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының орнықты дамуға тиімді көшуі үшін мемлекеттік саясатты қалыптастыру, ведомствоаралық үйлестіруді және сектораралық ықпалдасуды күшейту жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес құрамда Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Қазақстан Республикасының орнықты даму жөніндегі кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. М ы н а л а р д ы ң :

1) "Рио+10" тұрақты даму жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Дүниежүзілік Саммитіне дайындық және 21-ғасырға арналған Қазақстандық Күн Тәртібін әзірлеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 15 сәуірдегі N 430 қаулысының;

2) "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 922 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 37, 374-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістердің 4-тармағының күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 9

н а у р ы з д а ғ ы

N

3 4 5

қ а у л ы с ы н а

қосымша

**Қазақстан Республикасының орнықты даму жөніндегі кеңесінің  
құрамы**

Ескерту. Құрам жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329  
қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға  
Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, төрағаның  
о р ы н б а с а р ы

Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрі, төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі,  
төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасының Қоршаған орта және су ресурстары министрі,  
төрағаның орынбасары

Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі  
Стратегиялық жоспарлау және мониторинг департаментінің директоры, хатшы  
Кеңес мүшелері:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан  
Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрі

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан  
Республикасының Қаржы министрі

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі

Қазақстан Республикасының Әділет министрі

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрі

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрі

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі

Қазақстан Республикасының Мәдениет министрі

Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрі

Қазақстан Республикасының Өңірлік даму министрі

Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің (Монополияға  
қарсы агенттік) төрағасы

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігінің  
төрағасы

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғарыш агенттігінің төрағасы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасы (  
келісім бойынша)

Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің  
төрағасы

Астана қаласының әкімі (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі Экология және табиғат  
пайдалану комитетінің төрағасы (келісім бойынша)  
«Жасыл көпір» әріптестік бағдарламасы бойынша жұмыс тобының жетекшісі  
( к е л і с і м б о й ы н ш а )  
«Қазақстан Республикасының орнықты дамуына көмектесу» орталығының  
директоры (келісім бойынша)  
«Қазақстан фермерлер одағы» республикалық қоғамдық бірлестігінің  
президенті (келісім бойынша)  
Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының президенті (келісім  
б о й ы н ш а )  
Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясының төрағасы (келісім  
б о й ы н ш а )  
Қазақстан Республикасының кәсіпкерлері форумының төрағасы (келісім  
б о й ы н ш а )  
Қазақстан Республикасының үкіметтік емес ұйымдары экологиялық  
форумының төрағасы (келісім бойынша)  
Біріккен Ұлттар Ұйымының Қазақстандағы Даму бағдарламасы Энергетика  
және қоршаған орта мен су ресурстары департаментінің басшысы (келісім  
б о й ы н ш а )  
Дүниежүзілік Банктің Қазақстандағы тұрақты өкілі (келісім бойынша)  
Орнықты дамуға арналған табиғат пайдаланушылардың қазақстандық  
қауымдастығы Директорлар кеңесінің төрағасы (келісім бойынша)  
Орнықты өндіріс пен тұтыну орталығының президенті (келісім бойынша)  
Орталық Азия Өңірлік экологиялық орталығының атқарушы директоры ( келісім бойынша)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 9 н а у р ы з д а ғ ы  
N 3 4 5 қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының  
орнықты даму жөніндегі кеңесі туралы  
ереже**

**1. Жалпы ережелер**

1. Қазақстан Республикасының Орнықты даму жөніндегі кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органы болып табылады.

2. Кеңес қызметінің басты мақсаты орнықты даму және мемлекеттік органдардың, жеке сектордың және қоғамдық ұйымдардың сектораралық ынтымақтастығы негізінде орнықты даму жөніндегі Дүниежүзілік саммиттің шешімдерін орындау мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастыруға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы дамуының экономикалық, әлеуметтік және экологиялық секторларының ықпалдасуына жәрдемдесу болып табылады.

3. Кеңес өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңнамалық кесімдерін, Қазақстан Республикасы Президентінің кесімдерін және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де нормативтік құқықтық кесімдерін, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарды, сондай-ақ осы Ережені басшылыққа алады.

## **2. Кеңес қызметінің негізгі міндеттері мен бағыттары**

### **4. Кеңестің міндеттері:**

1) орнықты даму мақсатына қол жеткізу жөнінде елдің және халықаралық қауымдастықтың күш-жігерін шоғырландыру үшін экономикалық, әлеуметтік және экологиялық саясатының ықпалдасуына жәрдемдесу;

2) орнықты даму қағидаттарының стратегиялық жоспарлауға және әлеуметтік-экономикалық дамуды басқаруға ықпалдасуына жәрдемдесу;

3) орнықты даму саласындағы шешімдерді орындау, сондай-ақ орнықты дамудың мемлекеттік, салалық бағдарламаларын, аумақтарды дамытудың 5 жылға арналған бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі мемлекеттік органдардың, қоғамның мүдделі топтарының қызметіне жәрдемдесу;

4) орнықты дамудың институционалдық құрылымдарының қызметіне жәрдемдесу;

5) ұлттық және халықаралық деңгейлерде орнықты даму саласында Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізу болып табылады.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.10.29 N 1703 Қ а у л ы с ы м е н .**

5. Кеңес функциялары мынадай бағыттар бойынша ұсыныстар әзірлеу болып табылады:

1) өндіріс пен тұтынудың орнықты модельдерін енгізу;

2) шөлейттенуге қарсы күрес;

3) экологиялық және гендерлік аспектілерді ескере отырып, кедейлікке қарсы күрес;

- 4) биологиялық әртүрлілікті және мәдени мұраны сақтау;
- 5) орнықты көлік жүйелерін дамыту;
- 6) шығарындыларды, оның ішінде парник газдары мен озон бұлдіретін заттарды азайту;
- 7) ауыз суға қол жеткізу, трансшекаралық, оның ішінде су проблемаларын шешу;
- 8) жаңа және экологиялық қауіпсіз технологияларды пайдалану;
- 9) энергия тиімділігі және энергия үнемдеу;
- 10) радиациялық және химиялық қауіпсіздік әрі қалдықтарды басқару;
- 11) халықтың денсаулығына экологиялық қатерлердің алдын алу және азайту;
- 12) жаһандану және сауда;
- 13) орнықты даму жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу, білім беру және ақпараттық инфрақұрылым;
- 14) орнықты дамудың өңірлік проблемалары.

Орнықты даму мәселелері жөніндегі мемлекеттік органдар мен жұртшылықты хабардар ету. Орнықты даму мәселелері бойынша жыл сайынғы есеп беруді дайындау және оны жариялау. Орнықты даму мақсатына қол жеткізу жөнінде Қазақстанның прогресі туралы халықаралық ұйымдарға ақпарат беру.

Орнықты дамуға көшу жөніндегі прогресс мониторингі және бағалау әрі орнықты даму көрсеткіштері мен индикаторларын әзірлеу және енгізу жөніндегі ұсыныстарды енгізу.

Орнықты дамудың аумақтық және салалық жобаларын ақпараттық қамтамасыз ету, сондай-ақ орнықты даму жөніндегі модельдік жобаларды әзірлеуге жәрдемдесу.

### **3. Кеңес құрамы**

6. Кеңес төраға, төрағаның орынбасары, оның мүшелері мен хатшысының құрамында қалыптастырылады.

7. Кеңес мүшелері мемлекеттік органдар басшылары мен өкілдерінен тағайындалады. Кеңес құрамына келісім бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары, ғылыми, үкіметтік емес, жеке және басқа да ұйымдардың өкілдері, ғалымдар мен мамандар енгізіледі.

Кеңестің лауазымдық құрамы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен бекітіледі.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

8. Кеңес төрағасы:

1) Кеңестің қызметіне оның отырыстарының аралығында жетекшілік ж а с а й д ы ;

2) Кеңестің отырыстарына төрағалық етеді. Төраға болмағанда, оның тапсырмасы бойынша отырыстарға Кеңес төрағасы орынбасарларының бірі т ө р а ғ а л ы қ е т е д і ;

3) Кеңестің отырыстарында қабылданған шешімдердің орындалуын ба қ ы л а у д ы жү з е г е а с ы р а д ы ;

4) әртүрлі кеңестерде, кездесулерде және халықаралық форумдарда Кеңесті б і л д і р е д і ;

5) **Алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.07.12. N 723 қаулысымен.**

6) Қазақстан Республикасының Президенті мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің кесімдерімен және тапсырмаларымен көзделген өзге де өкілеттіктерді жү з е г е а с ы р а д ы .

**Ескерту. 8-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.07.12. N 723 қаулысымен .**

9. Кеңес мүшелері ұсыныстар енгізеді, ақпарат және басқа да материалдарды береді, күн тәртібіндегі мәселелерді және оның отырыстары шешімдерінің жобаларын талқылауға қатысады. Кеңес мүшелері өзінің отырыстарына ауыстыру қ ұ қ ы ғ ы н с ы з қ а т ы с а д ы .

1 0 . Кеңес х а т ш ы с ы :

1) Кеңес жұмысының жоспарын әзірлеуді қамтамасыз етеді;

2) **алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен;**

3) Кеңес отырысы өткізілгеннен кейін хаттама ресімдейді.

4) Кеңес мүшелерін және халықаралық ұйымдардан шақырылған өкілдерді Кеңестің кезекті отырысын өткізу орны, уақыты мен күн тәртібі туралы хабарландырады, оларды қажетті материалдармен уақтылы қамтамасыз етеді;

5) Кеңес отырыстары хаттамаларының үзіндісін өз қолымен куәландырады.

**Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

#### **4. Кеңес жұмысының тәртібі**

11. Кеңес отырысы қажеттілігіне қарай тоқсанына бір реттен сиретпей Кеңес төрағасы айқындайтын мерзімде өткізіледі. Кеңес отырысында орнықты даму бойынша мемлекеттік және салалық бағдарламаларды орындау туралы есептер тыңдалады және Кеңес қызметінің қорытындысы және нәтижелері қорытылады. Кеңес отырыстарда күн тәртібіне сәйкес есептерді қарайды және барлық қойылған мәселе бойынша арнаулы шешімдер шығарады.

**Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329**

## қ а у л ы с ы м е н .

12. Кеңес шешімдері ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оларға қатысып отырған Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі. Дауыс беру Кеңес отырысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 16 наурыздағы № 247 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультациялық-кеңесші органдар мен жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы туралы нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) қосымшаға сәйкес нысан бойынша дауыс беру парағын толтыру арқылы өткізіледі. Дауыстар тең болған жағдайда, төраға дауыс берген шешім қабылданды деп есептеледі.

Кеңес мүшелерінің ерекше пікірге құқығы бар, оны білдірген жағдайда, жазбаша түрде жазылуы және Нұсқаулықтың 24-тармағында көзделген Кеңес отырысының есеп-хатына қоса берілуі тиіс.

Кеңес отырыстарын өткізу нәтижелері бойынша және дауыс беру парақтарының негізінде үш жұмыс күні ішінде хаттама жасалады, оған төраға мен хатшы қол қояды.

Дауыс беру қорытындысы бойынша хаттама жобасының мазмұны өзгерген жағдайда, Кеңес хатшысы қабылданған шешімнің нақтыланған редакциясы бар дауыс беру парағын кеңес мүшелеріне келісу үшін жібереді.

Кеңес мүшелері дауыс беру парағын алғаннан кейін бір жұмыс күні ішінде келісу не келіспеу туралы себептерін негіздей отырып жауап береді.

**Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**

13. Кеңес өз құзыреті шегінде:

1) орнықты даму мәселелері бойынша нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу жөніндегі ұсыныстарды енгізуге;

2) мемлекеттік органдар мен ұйымдардан қажетті құжаттарды, материалдар мен ақпаратты сұратуға;

3) консультациялар мен ақпаратты беру үшін сарапшыларды тартуға, орнықты даму мәселелері жөніндегі жұмыстарды қарау және орындау үшін жедел жұмыс топтарын құру жөніндегі ұсыныстарды енгізуге, халықаралық ұйымдар өкілдері мен бақылаушыларды шақыруға;

4) орнықты даму жөніндегі аумақтық кеңестерді құруға жәрдемдесуге, жұмыс туралы ақпаратты сұратуға, нәтижелерді қорытуға және орнықты даму жөніндегі аумақтық кеңестер мен өзге де консультативтік-кеңесші органдарының қызметін жоспарлау жөніндегі ұсыныстарды енгізуге құқылы.

## 5. Кеңес қызметін қамтамасыз ету

14. Қазақстан Республикасы Қоршаған орта және су ресурстары министрлігі Кеңестің жұмыс органы болып табылады.

Кеңестің жұмыс органы Кеңес жұмысын ұйымдастырушылық-техникалық камтамасыз етуді жүзеге асырады, оның ішінде Кеңес отырысының күн тәртібі бойынша ұсыныстарды, қажетті құжаттарды, материалдарды дайындайды, олар Кеңес отырысы өткізілгенге дейін үш жұмыс күні қалғанда хаттама жобасымен қоса Кеңес мүшелеріне жіберілуі тиіс.

**Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен .**

15. Дауыс беру парақтарымен қоса, Кеңес материалдары мен хаттамалық шешімдерін есепке алуды және сақтауды Кеңестің жұмыс органы жүзеге асырады .

**Ескерту. Ереже 15-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 09.04.2014 N 329 қаулысымен.**